

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 490 қаулысы

Ескерту. Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінен қайтарылып алынсын - ҚР Үкіметінің 2005.04.13. N 341 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат; N 21-22, 285-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 6, 76-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Кіріспе "оралмандар" деген сөзден кейін "мен ішкі көшіп-қонушылар" деген сөздермен, "үшін" деген сөзден кейін "жана" деген сөзбен толықтырылсын.

2. 1-бап мынадай мазмұндағы 2-1), 6-1), 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) ішкі көшіп-қонушылар - себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан, өз бетінше немесе ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасы бойынша Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы жеке адамдар";

"6-1) ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасы - экологиялық жағдайы тұруға ерекше қолайсыз және даму әлеуеті төмен елді мекендерден Қазақстан Республикасының ішінде экономикалық перспективалы өңірлерге тұрақты тұру мақсатында қоныс аударуға тиіс, адамдардың Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілейтін шекті саны";

"11-1) қоныс аударушылар - қоныс аударушылардың көші-қон квотасына және село халқын экономикалық перспективалы өңірлерге оңтайлы қоныстандыру схемасына

сәйкес Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адамдар";

8) тармақшада "Қазақстан Республикасының ішінде" деген сөздерден кейін "өз бетінше немесе ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 4-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасы бойынша қоныс аударған адамдар өзінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша қоныс аударған сәттен бастап үш ай ішінде тіркелуге міндетті."

мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен және 8-1, 8-2, 8-3, 8-4 баптармен толықтырылсын:

"2-1-тарау. Ішкі көші-қон

8-1-бап. Ішкі көші-қонды жүзеге асыру шарттары

1. Ішкі көші-қон жеке адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында жүріп-тұру, тұратын жерін және болатын жерін таңдау еркіндігіне құқығы негізінде ерікті түрде жүзеге асырылады.

Ішкі көшіп-қонушыларды мәжбүрлеп көшіруге жол берілмейді.

2. Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына және тұрақты тұру мақсатында халықты экономикалық перспективалы өңірлерге оңтайлы қоныстандыру схемасына сәйкес қоныс аударған жеке адамдар қоныс аударушы мәртебесін алады.

Қоныс аударушы мәртебесін алу отбасының кәмелетке толған мүшелерінің біреуі берген өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Қоныс аударушы мәртебесін беру туралы өтінішті қарау және отбасын ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына енгізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-2-бап. Қоныс аударушылардың ішкі көші-қоны

1. Қоныс аударушылардың ішкі көші-қоны ұлттық қауіпсіздік, халықтың денсаулығын сақтау мүдделері ескеріле отырып, оңтайлы қоныстандыру және тұру мен еңбек қызметі үшін жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қоныс аударушыларды өңірлер бойынша оңтайлы орналастыруды ұйымдастырады және оларды қабылдау мен жайластыру жөнінде жағдай жасайды.

3. Қоныс аударушылардың ішкі көші-қоны тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

8-3-бап. Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасын белгілеу

1. Ішкі көшіп-қонушылардың алдағы жылға арналған қоныс аудару квотасын облыстар әкімдерінің ұсыныстары негізінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті

органның ұсынуы бойынша алдағы жылға ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасын белгілейді.

3. Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасын белгілейтін нормативтік құқықтық актіде ішкі көшіп-қонушыларды қабылдау үшін белгіленген экономикалық перспективалы елді мекендерге олар қоныс аударатын елді мекендер көрсетіле отырып, адамдардың шекті саны және оларды қабылдау, жайластыру және олардың бейімделуі үшін қажетті іс-шаралар айқындалады.

8-4-бап. Ішкі көшіп-қонушыларға берілетін жеңілдіктер, өтемдер және атаулы көмектің басқа да түрлері

1. Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін оңтайлы қоныстандыру схемасына сәйкес ішкі көшіп-қонушылар үшін белгіленген өңірлердің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін объектілерді дамытуды инвестициялауды жүргізеді.

2. Экономикалық перспективасыз өңірлерден қоныс аударуды ынталандыру мақсатында халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган: тұрақты тұратын жеріне тегін баруды және мүлкін (оның ішінде малын) апаруды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тұрғын үй, мал сатып алу және біржолғы жәрдемақы төлеу үшін қаражат береді.

3. Жергілікті атқарушы органдар: жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі;

ішкі көшіп-қонушыларды жұмысқа орналастыру мүмкін болмаған жағдайда оларды жұмыссыздар ретінде тіркейді, біліктілігін арттыруға және жаңа кәсіпті игеруге жәрдемдеседі, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес атаулы көмек және өзге де әлеуметтік жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер учаскелерін береді; мұқтаждарға мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік мекемелерден орын береді."

4. 13-бапта "республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 15-баптың екінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 24-баптың 4) тармақшасында "оралмандарды" деген сөзден кейін "және олардың отбасы мүшелерін" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 34-баптың 2-тармағында:

3) тармақша "квотасын" деген сөзден кейін "және ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасын" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада "квотасының" деген сөзден кейін "және ішкі көшіп-қонушылардың

қоныс аудару квотасының" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 41-бап алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК